

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология факультеті
Түркітану және тіл теориясы кафедрасы

«Лингвмәдениеттану»
пәні бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

код LK 6307, ID 52671

«7M02307 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы

Оқу деңгейі: магистратура

Курс – 2

Семестр – 4

Кредит саны – 5

Алматы, 2025

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты: Тіл мен мәдениет байланысынан туған лингвистиканың өзекті бағытының бірі – лингвомәдениеттану пәнін магистранттарға таныстыру Тіл білімінің даму тарихындағы лингвистикалық тұлғалардың әдіснамалық түсінігін қалыптастыру. Пән: лингвистиканың тарихнамасы принциптерін әзірлеудің негізгі ережелерін, лингвистиканың қалыптасуының күрделі мәселелерін шешу үшін маңызды жеке тұлғалардың алғашқы көздерін зерттеуге бағытталған.

Күтілетін оқыту нәтижелері:

- ОН1 «Мәдениет» терминінің ғылыми еңбектерде саралануын талдай келе, рухани байлықтың тіл арқылы танылатын, тілде көрініс табатынын көрсету;
- ОН2 Тілдің барлық мәдениет түрінің негізгі тұғыры ретіндегі сипатын, қызметін таныту;
- ОН3 Сөз жүйесінің әлеуметтік өмірдегі қызметін жан-жақты талдау;
- ОН4 «Лингвомәдени өріс» ұғымын түсіндіру, оның «семантикалық өрістен» айырмашылығын айқындау;
- ОН5 «Тіл және мәдениет» мәселесінің негізгі концепцияларымен таныстыру.

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар.

МОДУЛЬ 1 Лингвомәдениет - лингвистиканың теориялық негіздері

1. Лингвомәдениеттанудың метатілі. Тілдің қоғамдағы атқаратын қызметі. Тіл функциялары. «Лингвокультурема», «мәдениет», «лингвомәдениет өрісі» ұғымдары.
2. Тіл мен мәдениеттің арақатынасы. Тілдегі мәдени және табиғи байланыс. Тілдік семантикасы жалпы адамдық мәдениет компоненті. Әр алуан тілдердің нормативті-стилистикалық құрылымының өзгешеліктері. Сөйлеу бағыттағы ұлттық-мәдени ерекшеліктер. Алғашқы лингвистикалық дәстүрлердің қалыптасуы.
3. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы жайлы В.Гумбольдтың, А.А.Потебняның, Э.Сепирдің, Б.Уорфтың идеялары.
4. Этнолингвистика мен лингвомәдениеттану. Этнолингвистиканың өзекті мәселелері. Этнолингвистиканың мен лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаты мен бағыттары.
5. Этнолингвистика мен лингвомәдениеттану. Американдық ғалымдарының ойлары. Сепир-Уорф болжамы.

МОДУЛЬ 2 Тіл мен мәдениет: ұлттық ерекшелік туралы түсінік

1. Тіл - мәдениет айнасы: шынайы әлем. Мифология және төтемдік наным-сенімдер және батырлар жыры мен дастандар. Ауыз әдебиетіндегі тіл мен мәдениеттің көрінісі.
2. Белгі тәрізді мағынасы мен іс-әрекетінің мәні. Тіл-мәдениеттің құралы. Тіл және ұлттық ерекшелік, тіл және идеология.
3. Семантикалық және лингвомәдениеттік өрістердің айырмашылығы, құрылымы. Прецедентті есім. Прецедентті феномендер: прецедентті жағдай, прецедентті мәтін.
4. Тіл негізінде этномәдениет пен этнопсихологияның дамуы. Тіл философиясының бастамалары.
5. Тіл және әдет-ғұрып, дәстүр, дін, тұрмыстық ұғым. Аталған ұғымдардың тілде

бейнеленуі, сөз арқылы жарыққа шығу жолдары. Қазақтың аңыз-әңгімелері және ұлттық мәдениет көріністері

МОДУЛЬ 3. Тілдегі мәдениет кеңістігінің көрінісі

1. Әлем бейнесі және әлемнің тілдік бейнесі түсініктері туралы көзқарастар.
2. Құнды пікір ретіндегі этноцентризм. Этноцентризмдегі оң және теріс ұғымдары. Тіл біліміндегі әлеуметтік бағыт.
3. Клише, штамп ұғымдары. Ассоциация түрлері. Фрейм ұғымы. Тілдердің ұқсастығы мен ерекшелігі.

Жан базалық концепті ретінде сипаттау, концептуалдық талдау.

4. Тілдік тұлға ұғымының құрылымы. Тілдік тұлғаға тән белгілер. Тілдік тұлға ұғымының құрылымы. Тілдік тұлғаға тән белгілер.
5. Гендер. Гендерлік және психоллингвистика. Ер мен әйел адамның қоғамда және тілдегі ерекшеліктері. Лингвомәдениет өрістерді салғастырмалы сипаттаудың принциптері.

Әдебиет: негізгі, қосымша.

1. Алефиренко Н.Ф. Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка: учебное пособие. □ М.: Флинта, 2010. — 288 с.
2. Воробьев В.В. Лингвокультурология: теория и методы. – М., 1997.
3. Герд А.С. Введение в этнолингвистику. Курс лекций и хрестоматия. □ СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2001. – 488 с.
4. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – М., 2001.
5. Манкеева Ж. Мәдениет лексикасының ұлттық сипаты. – Алматы, 1997.
6. Сабитова З.К. Лингвокультурология: учебник. □ М.: Флинта, наука, 2013. □ 528 с.
7. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М., 2000.
8. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениаралық қарым-қатынас. – Нұрсұлтан, 2020.
9. Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы
10. <https://postnauka.ru>
11. <https://serious-science.org>
12. Интернет-ресурстар
13. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
14. <https://scholar.google.ru/schhp?hl=ru>

1. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ АУЫЗША ОФЛАЙН

1.1. Емтихан формасы: стандартты ауызша офлайн. **Платформа:** IS Univer.

1.2. Ауызша емтиханның мақсаты: пәнді оқу барысында меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, ойды логикалық тұрғыда ауызша жеткізе білу және өз көзқарасын ғылыми негізде дәлелдей білу.

1.3. Тапсырманы орындаудың күтілетін нәтижелері:

Ауызша емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады. Әр сұрақ пән бойынша оқу нәтижелерін айқындайды және төменде көрсетілген критерийлерге сәйкес бағаланады:

1-сұрақ: *1-критерий*. Курстың теориясы мен тұжырымдамаларын білу. *2-критерий*. Курстың мазмұнында берілген теориялық қағидаларды түсіну және оларды мысалдармен дәлелдеу.

2-сұрақ: *3-критерий*. Таңдалған әдістемені және технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану. *4-критерий*. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

3-сұрақ: *5-критерий*. Таңдалған әдістің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және сыни талдау. *6-критерий*. Өз тәжірибесінен алынған нәтижені негіздеу; ғылыми пікірталас жүргізе білу.

1.4. Емтихан өткізу тәртібі:

1.4.1. Стандартты ауызша офлайн емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

1.4.2. Емтиханның ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс. Күніне 25 студенттен артық қабылданбайды.

1.4.3. Ауызша емтихан өтетін аудиторияда бір мезетте 5 студенттен артық отырмауы керек. Топтың қалған студенттері аудиториядан тыс жеке шақыруды күтуі тиіс, бірақ факультет ғимаратынан шықпайды.

1.4.4. Аудиторияға кіргенде студент емтихан алушыға жеке куәлігін көрсетіп, келушілер тізіміне қол қояды.

1.4.5. Жауап беру аяқталғанша орын ауыстыруға, орнынан тұруға немесе аудиториядан шығуға тыйым салынады.

1.4.6. Ауызша емтихан кезінде билет студенттің өз таңдауы бойынша алынады.

1.4.7. Жауапқа дайындалу үшін студентке конспект жазуға арналған парақтар беріледі. Дайындық уақыты – 10 минут, жауап беру уақыты – 5 минуттан аспайды.

1.4.8. Фамилиясы аталған соң студент билет бойынша жауабын бастайды. Әр сұрақ қойылған талаптарға сәйкес ең жоғарғы баллмен бағаланады.

1.4.9. Емтихан алушы студенттің білім деңгейін тереңірек анықтау үшін қосымша сұрақтар қоюға, тапсырмалар мен мысалдар беруге құқылы.

1.4.10. Емтихан кезінде студенттерге шпаргалка, ұялы телефон, смарт-сағат және өзге де рұқсат етілмеген көмекші құралдарды пайдалануға қатаң **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.

1.4.11. Студент емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартқан жағдайда – «F» бағасы қойылады.

1.4.12. Емтиханға себепсіз келмеген жағдайда – «F» бағасы қойылады.

1.4.13. Студент осы тармақтардың бірін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысын жою туралы акт толтырылады, пән бойынша «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

1.4.14. Осы Ережені қайталап бұзған жағдайда студент факультеттің Этикалық кеңесінде қаралады.

1.4.15. Барлық тәртіп бұзушылықтар студенттің транскриптіне енгізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: Лингвомәдениеттану **Форма:** Ауызша оффлайн. **Платформа:** Univer АЖ

№	Балл Критерий	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
1-сұрақ	<i>Критерий 1.</i> Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу; сипаттау мен түсіндірудің қисындылығы	"Өте жақсы" деген баға сұрақтың толық ашылуын, әр тұжырым мен ойдың егжей-тегжейлі дәлелін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтардан құрастырылған тақырыптарының мысалдарымен расталған жауап үшін қойылады.	"Жақсы" деген баға сұрақтың барынша толық, бірақ терең емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтитын жауап үшін қойылады, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігін бұзуға мүмкіндік береді. Жауапта стилистикалық қателіктер, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жауаптары үшін қойылады, негізгі ережелерді үстірт дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді.	"Қанағаттанарлықсыз" деген баға қойылған мәселелерді дұрыс ашпаған, қате дәлелдер, фактілік және сөйлеу қателіктері, дұрыс емес қорытынды жасағаны үшін қойылады.	"Қанағаттанарлықсыз" баға сонымен қатар негізгі ұғымдарды, теорияларды білмегені үшін; қорытынды бақылау ережелерін бұзғаны үшін қойылады.
	<i>Критерий 2</i> Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіндіру және растау.	Жауап мысалдармен суреттелген; сауатты ғылыми тілде баяндалған, барлық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған.	Жауап нақты мысалдармен толық расталмаған. Кейбір дәлсіздіктер бар.	Студент теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардан алынған мысалдарымен дәйектемейді.	Оқу курсының негізгі түсініктері қате түсіндіріледі.	Студент курстың негізгі теориялық ережелерін мысалдармен растамайды.
2-сұрақ	<i>Критерий 3.</i> Таңдалған әдістеме мен технологияны	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық дәлелді жазбаша жауап беру,	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткіліксіз ойластырылған жауап	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды

	жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану	курстың практикалық мәселелерін шешу.	шешпей қойылған сұраққа толық емес, дәлелсіз жауап беру; курс бойынша ғылыми стиль нормаларын сауатсыз пайдалану.	және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер.	және жалпылау жасай алмау. Қорытынды бақылауды жүргізу қағидаларын бұзу.
	<i>Критерий 4.</i> Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені шешу және мәнін ашу	Ғылыми ұғымдар қойылған тапсырманы шешуде еркін қолданылады, негізгі проблеманы логикалық және дәлелді түрде түсіндіреді.	Студенттің білімі бейімделген; жауаптар жеткіліксіз құрылымдалған, жауапта жетекші сұрақтың арқасында өздігінен түзете алатын фактілік қателер бар.	Ұсынылған материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік жоқ.	Емтиханның мазмұны бойынша қосымша сұрақтардың көпшілігіне студентке жауап беру қиынға соғады немесе дұрыс жауап бермейді.	Студент материалды толық игерген жоқ. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
3 - сұрақ	<i>Критерий 5.</i> Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау.	Ғылыми ережелер мен қолданылған әдістеменің технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми стиль нормаларын сақтау, Материалды ұсынуда тұтастай дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер бар	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, материалдар мен талдау құралдары пайдаланылмады.
	<i>Критерий 6.</i> Алынған нәтижені өз тәжірибесімен негіздеуі.	Жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен, соның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен алынған мысалдармен көрнектеледі.	Емтихан билеті мәселесі бойынша өз тәжірибесінен алынған нәтижені негіздей отырып, қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің және бағыттардың 3-4 ережелерін кейбір дәлсіздіктермен талдау	Оқу бағдарламасына сәйкес материалдың негізгі көлемін жеткіліксіз қолдану, оны жазабаша өз бетінше сипаттау кезінде қиындықтар туындайды.	Проблемалық сипаттағы сұрақтарға жазбаша жауап беру кезінде қиындық туындайды.	Мысал келтіру кезінде курста оқылған әдістерді қолдану қабілетінің болмауы. Қорытынды бақылауды жүргізу қағидаларын бұзу.


№	Балл	Өте жақсы		Жақсы		Қанағаттанарлық		Қанағаттанарлықсыз	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %			
	Критерий								
1.	Критерий 1	100							
2.	Критерий 2		75						
3.	Критерий 3			60					
4.	Критерий 4					45			
5.	Критерий 5	100							
6.	Критерий 6					49			
	Итоговый %	200	75	60		94			200+ 75 + 60 + 94 = 429 429 / 6 критерий = 71,5 Қорытынды балл (%) = 72

Есептеу кезінде алынған пайыздық көрсеткішке сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

72 балл, 70 баллдан 89 баллға дейінгі аралықта тұрған соң, бұл бағалау шкаласына сәйкес "Жақсы" санатына сәйкес келеді.

Осылайша, емтихан білім алушылардың оқу жетістіктерін оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS-ке ауыстыра отырып есепке алудың бал рейтингілік әріптік бағалау жүйесіне сәйкес 72 баллға, яғни "жақсы" деп бағаланады

Декан



Жолдасбекова Б.Ө.

Кафедра меңгерушісі

Авакова Р.А.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитет төрағасы

Сәрсенбай Ж.А.

Дәріскер

Кондыбаева Р.Ж.